

2004 жылға арналған республикалық бюджетте өтеу мен оларға қызмет көрсету көзделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1391 қаулысы

"Үкіметтік заемдарды, жергілікті атқарушы органдардың заемдарын және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 88 қаулысына сәйкес, кредит берушілер алдындағы мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылға арналған республикалық бюджетте өтеу мен оларға қызмет көрсету көзделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 3 9 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2004 жылға арналған республикалық бюджетте өтеу мен оларға қызмет көрсету көзделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесі

1. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы
2. "Замангер" шағын жеке кәсіпорны
3. "Рақат" қазақ-австрия бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы
4. "Пеноконцентрат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
5. "Өнеркәсіппластмасса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
6. "Фирма Катализ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
7. "Жамбыл былғары аяққим" акционерлік қоғамы
8. "Аққу" акционерлік қоғамы

9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің "Еңбек-Алмас" және "Еңбек-Гранит" республикалық мемлекеттік кәсіпорындары)

10. "Батыс" ашық акционерлік қоғамы

11. "Қазақ Аджанта Фарма Лимитед" бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестік

12. "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

13. "Kazakhstan Airlines" ашық акционерлік қоғамы

14. "Отель Астана" қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы

15. "Айт-Отель" қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы

16. "Эмсаш Инвест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

17. "Премьер Медеу" қонақ үй кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

18. "Игілік" акционерлік қоғамы

19. "Байланыс-Құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы

20. "Окан Қазинтер" қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы